

«АКТОБЕ ОБЛЫСТЫК
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ
КАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ
КОММУНАЛЬНОЕ КАЗЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ
«АКТЮБИНСКИЙ ОБЛАСТНОЙ
МЕТОДИЧЕСКИЙ ЦЕНТР»

030020, Актобе қаласы,
Облқайыр хан даңғылы, 10 (2 кабат)
тел./факс:
E-mail: info@aktedu.kz

030020, город Актобе,
проспект Абилқайыр хана, 10 (2 этаж)
тел./факс:
E-mail: info@aktedu.kz

№ 639
« 08 » 04 2026 ж

«Актобе қаласының
білім бөлімі» ММ
басшысы
М.Қосымбаеваға

Актобе облыстық әдістемелік орталығы 2026 жылы 13-17 сәуір аралығында Темір, Хромтау, Мұғалжар, Шалқар аудандарында мектепке дейінгі ұйымдарды мемлекеттік аттестаттаудан өткізуге әдістемелік көмек көрсетеді.

Осыған орай Сізден аудандарға әдістемелік көмек көрсету мақсатында Актобе қаласындағы №4 «Көктем», №16 «Аққайын», №19 «Бұлақ», №36 «Балақай», №41 «Назерке» балабақшаларының менгерушілерін және №13 «Бөбек», №15 «Жидек», №25 «Ерке», №24 «Аққу», №48 «Шаттық», №49 «Думан» бөбекжай-балабақшаларының әдіскерлерін іс-сапарға жіберуге ықпал етуіңіз сұралады.

Директор

Д. Жаманбаева

А. Искендинова
8(702)8667076



«Бекітемін»

Ақтөбе облыстық әдістемелік
орталығының директоры

Д.Жаманбаева

2026ж.

«Ерте жастан кәсіптік және еңбекке баулу»
республикалық пилоттық жобасы аясында облыстық байқау
кезеңінің әділқазылар құрамы

1. Жалғас Нұрлыгүл Жалғасқызы, Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығы директорының орынбасары, әділқазы төрағасы;
2. Искендинова Аяш Абдимахановна, Ақтөбе облыстық әдістемелік орталығының әдіскері, п.ғ.м., әділқазы мүшесі;
3. Ердаулетова Әсел Ердаулетқызы, Ақтөбе қаласы №19 «Бұлақ» балабақшасының меңгерушісі
4. Карабалина Айжан Ержановна, Ақтөбе қаласы №41 «Назерке» бөбекжай-балабақшасының меңгерушісі
5. Жантурсина Гаухар Сабыровна, Ақтөбе қаласы №25 «Ерке» бөбекжай-балабақшасының әдіскері

№ 190

№ 190

01

2026 ж.

Ақтобе қалалық білім бөліміне

Ақтобе облыстық әдістемелік орталығы 2026 жылы 3 ақпанда «Зертгер әке-еңбекқор бала» тақырыбында республикалық пилоттық жоба аясында байқау өтетінін хабарлайды.

Осыған орай, Сізден облыстық байқауға әділқазылар мүшесі ретінде Ақтобе қаласындағы №19 «Булақ», №41 «Назерке» балабақша меңгерушілерін және №25 «Ерке» бөбейқай-балабақшасының әдіскерін қатысуына ықпал етуіңіз сұралады.


Өтетін уақыты: 3 ақпан 2026 жыл

Уақыты: сағат 16.00

Өтетін жері: Ақтобе қаласы Әбілқайыр хан даңғылы 10

(Ақтобе облыстық әдістемелік орталығы 6 кабинет)

Директор



Д.Жамаубаева



АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӘЛЕМДІК
ТӘЖІРИБЕ: ЖАҢА ТРЕНДТЕР ЖӘНЕ ИННОВАЦИЯЛАР»
ҚАШЫҚТАН ӨТКЕН ОБЛЫСТЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА:

Д.У.Жаманбаева, Н.Ж.Жалғас, С.О.Жубаева, А.А.Искендинова, М.Е.Нуртазина

«Мектепке дейінгі білім берудегі әлемдік тәжірибе: жаңа трендтер және инновациялар» тақырыбындағы облыстық конференция жинағына әлемдік инновациялық әдістер, цифрлық технологияларды қолдану, тұлғалық-бағдарлы оқыту, инклюзивті білім беру және тәрбие мен оқытудың тиімділігі бағытындағы жұмыстар енгізілген. Бұл жинақ мектепке дейінгі ұйымдарда қызмет ететін педагог мамандарға, әдіскерлерге және білім беру саласының ізденімпаз өкілдеріне тәжірибелік әрі әдістемелік көмекші құрал ретінде ұсынылады.

АЛҒЫ СӨЗ

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы халықаралық тәжірибені зерделеу, заманауи педагогикалық трендтер мен инновациялық тәсілдерді талқылау мақсатында ұйымдастырылған бұл конференцияның мазмұны кәсіби даму мен өзара тәжірибе алмасуға мол мүмкіндік берді. Мектепке дейінгі білім беру жүйесін заманауи талаптарға сай жетілдіруге, шетелдік озық тәжірибелерді зерделеп, тиімді әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізуге арналған маңызды жұмыстар, сондай-ақ, халықаралық инновациялық бағыттарды, білім беру трендтерін, жаңа технологияларды және педагогтердің кәсіби даму жолдарын талқылай отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын байытуға бірлесіп үлес қосатын жұмыстар жинақталды.

Конференция барысында қатысушылар мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуда қолданылып жатқан заманауи тәсілдер, соның ішінде:

- Мектепке дейінгі білім берудегі халықаралық тәжірибелер – әр елдің озық педагогикалық жүйелері мен әдістері, оларды жергілікті тәжірибеге бейімдеу жолдары;
- Цифрлық білім беру технологияларын қолдану – интерактивті құралдар, қашықтан оқыту платформалары, цифрлық ресурстар арқылы оқыту әдістері;
- Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу тәжірибелері, арнайы әдістемелер мен бейімделген бағдарламалар;
- STEAM, ойын арқылы оқыту, критериялды бағалау әдістері – балалардың логикалық, шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамытуға бағытталған инновациялық тәсілдер;
- Ата-аналармен серіктестік – отбасы мен балабақша арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үлгілері, ата-аналарды білім беру процесіне тарту жолдары сияқты бағыттарда өз ойларымен, зерттеулерімен және практикалық тәжірибелерімен бөліскен жұмыстар қамтылды.

Бұл конференция мектепке дейінгі білім беру сапасын арттыру жолында жаңа серпін беріп, облыс педагогтеріне заманауи білім беру үрдістеріне бейімделуге мүмкіндік береді.

Конференция педагогтерге жаңа кәсіби бағыттар мен инновациялық идеяларды таныстыруда, тәжірибе алмасуда маңызды рөл атқарады. Қатысушылар білім беру процесіне заманауи әдіс-тәсілдерді енгізудің тиімді жолдарын қарастырып, ортақ мәселелер бойынша іс-тәжірибелерін ұсынған.

Конференцияның негізгі мақсаты — мектепке дейінгі білім беру саласындағы халықаралық тәжірибені зерделеу, жаңа бағыттар мен заманауи әдіс-тәсілдерді педагогикалық практикаға енгізу жолдарын қарастыру. Жинаққа облыстан қатысқан педагогтердің, әдіскерлердің баяндамалары мен тәжірибелері топтастырылған.

Ұйымдастыру комитеті

- Сенсорлық интеграция, логопедиялық және дефектологиялық элементтері бар ойын-тапсырмалар тиімді.

Әр баланың – мүмкіндігі шектеулі болса да – толыққанды, жан-жағынан дамыған азамат болуға құқығы бар. Балабақшада біз осы құқығын жүзеге асыруға атсалысатын, қамқор, білгір орта құруымыз тиіс. Осы мақсатты жүзеге асыруда педагогикалық ұжым, ата-аналар, баланың өзі бір-бірімен үндесіп жұмыс істеуі қажет.

Осыған орай, мен келесі ұсыныстарды білдіргім келеді:

- Барлық балабақша топтарында МШ балалармен жұмыс істеуге арналып дайындалған әдістемелік шаралар жиынтығын (оларға арналған ойын-сабақтар, бағытталған тапсырмалар) қалыптастыру.
 - Ортада инклюзивті мәдениетті қалыптастыру: балаларға, ата-аналарға, педагогтарға «әр балаға құрмет көрсету», «әр бала – дара тұлға» деген ұстанымды берік ұстау.
 - Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыруға жүйелі түрде көңіл бөлу: арнайы курстар, коучингтер, тәжірбиелік алмасу.
 - Материалдық-техникалық қамтамасыз ету: балабақша ғимаратын қолжетімді ету, логопед, дефектолог-кабинеттерді ұйымдастыру, арнайы ойын-құралдарын, сенсорлық құрылғыларды пайдалану.
 - Ата-аналармен тұрақты серіктестік жүйесін жолға қою: ата-ана кеңестері, ақпараттық сессиялар, ортақ іс-шаралар ұйымдастыру.
 - Мониторинг және бағалау жүйесін енгізу: әр баланың даму жолы бақыланып, оның нәтижелері ортақылап талқылансын, түзету жоспары қажет болса түзетілісін.
- Балабақшада мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс – болашақ қоғамымыздың жауапкершілігі. Әр баланың қуанышты, мәнді, қауіпсіз балалығында өсуі үшін біз бірге жұмыс жасай аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. – Астана, 2007.
2. ҚР Білім және ғылым министрлігі. Инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамасы. – Астана, 2015.
3. Айтмамбетова Б.Ф. Педагогика. – Алматы: Дарын, 2010.
4. Жұмабекова Ф.Ж. Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеудің ерекшеліктері // «Білім беру жүйесіндегі инклюзивті практикалар» жинағы. – Алматы, 2018.
5. Саттаров Т.С. Мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеу әдістемесі. – Шымкент: ОҚМУ баспасы, 2016.
6. Мүтәліпова С.Ж. Дамуында қиындығы бар балалар психологиясы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.

Мысалы:

Тапсырма	Мақсаты	STEAM элементі
Судың қасиетін зерттейік	Судың күйін, түсін, қозғалысын бақылау	Science
Қағаз көпір салайық	Қағаздан мықты көпір құрастыру	Engineering technology
Сандар әлемінде	Сандық қатынасты түсіну	Mathematics
Түстерді араластырайық	Түстердің араласуын көру	Art + Science
Менің роботым	Қолда бар материалдан «робот» жасау	Engineering + Art

Мұндай ойын түрлері балаларды қызықтыра отырып, олардың зерттеушілік, логикалық және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Бүгінгі таңда бағалау тек баланың білімін тексеру емес, **оның дамуын бақылау және қолдау құралы** болып отыр.

Критериалды бағалау әдісі – оқу нәтижесін нақты критерийлер бойынша әділ және ашық бағалау жүйесі.

Мақсаты:

- Баланың жеке даму динамикасын анықтау;
- Оған кері байланыс беру;
- Педагог пен ата-ана арасындағы ақпараттық байланыс орнату;
- Баланың жетістігін мадақтап, келесі мақсатқа жетелеу.

Критериалды бағалаудың негізгі қағидалары:

1. Әділдік пен ашықтық – әр бала бірдей бағаланады;
2. Түсініктілік – бала өз жетістігін және жетіспейтін тұстарын біледі;
3. Қолдау көрсету-бағалау, ынталандыру.

Өз тәжірибемнен үлгі:

Тақырыбы: «Пішіндер әлемі»

Мақсаты: Негізгі геометриялық пішіндерді ажырату және қолдану.

Критерий	Дескриптор	Бағалау түрі
Геометриялық пішіндерді таниды	Дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрышты дұрыс атайды.	+++
Пішіндерді тәжірибеде қолданады	Пішіндерден үй немесе сурет құрастырады	++
Түстер мен пішіндерді сәйкестендіреді	Берілген түстерге сай пішіндерлі топтайды	+

Қорыта келгенде Мектепке дейінгі ұйымдарда «STEAM» ойын арқылы оқыту және критериалды бағалау әдістерін біріктіре қолдану – қазіргі білім берудің инновациялық бағыты. Бұл тәсіл баланың жан-жақты дамуын қамтамасыз етіп қана қоймай, оның өздігінен ойлануға, шешім қабылдауға және өз жетістігін бағалауға үйретеді.

«ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ»

Карабалина Айжан Ержановна

№ 41 «Назерке» бөбекжай – балабақшасының меңгерушісі

Қазіргі таңда барлық әлем жұртшылығының назарын аударып отырған мәселе балалардың жеке сұраныстары мен ерекшеліктеріне ортаның, отбасының қатысуымен білім беру үрдісіне толық қосуды қарастыратын инклюзивті білім беру. Инклюзив сөзі – латын тілінен аударғанда «өзімді қосқанда», ал ағылшын тілінен аударғанда «араластырамын» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті білім берудің мақсаты: даму мүмкіндігі шектеулі балаларды қалыпты балаалрмен бірге білім беру. Яғни адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру жүйесі болып табылады. Инклюзивті білім беру – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытып-үйретудің бір формасы.

Баланың танымын алғашқы күннен бастап дамыту құралы да, балада оқу мен білімнің, тәрбиенің негізін қалыптастыратын да ойын әрекеті болып саналады. Қай ғалымды алмайық өздерінің ойын туалы еңбектерінде: «Ойын баланың жетекші әрекеті» деген сипаттама береді, өйткені ойын баланы ақыл-ой жағынан да, дене жағынан да алға жетелеп, дамытады, баланың ойын өрбітіп, бойын өсіреді. Баланың ақыл-ойын жүйелеу, ойлау қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу, сауаттылыққа баулу-бүгінгі күн талабы.

Әйгілі Л.С.Выготский баланың өсіп дамуы бірінші кезекте әлеуметтік даму жағдайына негіздеген. Дамуында ауытқуы бар баланың кейінгі тағдыры өзі туып, тәрбиеленіп жатқан отбасының жағдайына байланысты. Яғни, баланың дамуы көбінесе медицина және педагогикалық қызметкерлердің назарынан тыс қалып, басты ықпал етуші күш ата-ана болып табылады. Сондықтан ерекше білім беру қажеттіліктері бар бала тәрбиелеуші отбасы қандай да болмасын медициналық, педагогикалық, психологиялық, құқықтық ақпараттық қолдауды қажет етеді. Дер кезінде алынған қандай да қолдау түрі баланың немесе отбасының кез-келген әлеуметтік-психологиялық мәселесінің шешілуіне әсерін тигізеді. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды психологиялық - педагогикалық қолдау маңызды рөл атқарады.

Инклюзивті білім беру әр адамды түрлі жолдармен белсенді инклюзиялауды, дербестендірген ықпалды және ерекше оқытуды қажет ететін тұлғаларға білім беру процесіндегі кедергілерді жою негізінде оқыту мен оқу ортасын жетілдіру арқылы тең мүмкіндіктер жасауды көздейді.

Инклюзивті білім беру мынадай нақты құндылықтар мен ұстанымдарға негізделеді:

- Әр адам білім алуға құқылы
- Білім беру туылғаннан басталады. Ерте жаста білім беру ерекше қажет, бірақ ол ересек жаста аяқталмайды, себебі бұл үдеріс өмір бойы жалғасады;
- Барлық балалар білім алуы керек;
- Әр адам белгілі бір сала бойынша не белгілі бір уақытта оқыту бойынша қиындықтарға тап болуы мүмкін;
- Әр адам білім алу барысында көмекке мұқтаж;

- Балабақша мектеп, мұғалім, отбасы, бала ғана емес өзге тұлғаларды да оқытуға ықпал етуге жауапты;
- Әртүрлі болу табиғи жағдай, ол өте бағалы және қоғамды толықтырып отырады;
- Біреуді кемсіте қарым-қатынас құру әрі бұндай мінез-құлық таныту сынға түсу керек;
- Балаларды толеранттылық тән және әртүрлілікті қалыпты жағдайда қабылдайтын инклюзивті қоғамда өмір сүруге дайындау керек;

Педагог пен баланың қарым-қатынасындағы ұстанымдар мен парадигмалар да өзгереді: «оқушы мен оқытушы» орнына, «адам мен адам» парадигмасы қалыптаса бастайды. Балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бұл-баламен кеңесе отырып оның жеке қызығушылықтарын анықтау, оның белгілі бір мақсаттарға деген ұмтылыстары мен мүмкіндіктеріне қолдау көрсету, оның адами қасиеттері мен құндылықтарын сақтай отырып дамуына, оқыту нәтижелеріне өз бетінше қол жеткізуіне, өзін-өзі тәрбиелеуіне, көпшілікпен араласуына, өмір сүру салтын қалыптастыруға кедергі келтіретін қиындықтарды жеңуіне көмектесу болып табылады.

Инклюзивті оқыту практикасында психологиялық-педагогикалық қолдау бұл әрбір баланың мүмкіндігі мен қажетіне қарай әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдай жасауға бағытталған мамандар тобының қызметтерін қамтиды.

Инклюзивті оқыту барлық балаларға мектепке дейінгі мекемелерде және мектептерде белсене қатысуға мүмкіндік береді. Инклюзивті оқыту барлық балалардың мұқтажығын ескеретін ерекше қажеттілігі бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім үрдісінің дамуы. Осы оқу тәсілі арқылы балалардың бойындағы өзгерістерді байқауға болады. Қатарластарымен қарым қатынас жасай білу және дос таба білу, қоғамнан шеттетіліп қалмауы керек. Неміс педагогі, дефектологы Шуманның сөзі: «бала кемістігінің даму деңгейі неғұрлым төмен болса, соғұрлым мұғалімнің білім деңгейі жоғары болуы керек» сондықтан да педагогтер әрқашан да ізденісте болуы керек. Ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмыс жасау барысында белгілі бер тапсырмаларды бірнеше рет қайтара көрсету керек. Бірнеше қайтара жаттығу, жүйелі қойылатын талаптар балаларда қоршаған ортаға икемделуге көмектесетін жағымды әдеттерді шыңдайды. Ал танымдық әрекеттерді дамыту олардың жеке бас қасиеттеріне әсер етеді. Ал танымдық әрекеттерді дамыту олардың жеке бас қасиеттеріне әсер етеді. Жас ерекшеліктеріне сау балалар еңбек әрекетін сәйкес бағалай алады, орындаған жұмысының сапасына да жәй қарамайды. Тапсырманы нашар орындаса қынжылып, ал жақсы бұйым жасаса досына, тәрбиешісіне көрсетіп, мадақтауды ұнатады.

Қазіргі заманда өмір сүретін балалар үшін іс-әрекеттің екі саласы бар, және де олар бала тәрбиесіндегі негізгі институттар болып келеді-бұл, отбасы және білім беру жүйесі. Бала өміріндегі көптеген мәселелер де осы екі институттың әсеріне көбірек байланысты болып келеді. Бала үшін отбасы-бұл, оның дене бітімінің, психикасының, мінез-құлқының және интеллектісінің жақсы қалыптасып, дамуына ыңғайлы жағдайлар жасайтын орта. Әлеуметтік институт ретінде, отбасының бала өмірі мен тәрбиесі үшін қажет жағдайларды қамтамасыз ете алмауы, өмірлік қиын жағдайда жүрген балалардың пайда болуына әкелетін басты факторлардың бірі болып саналады.

Даму мүмкіндігі шектеулі балалармен ұйымдастырылған ойын түрлері, балалардың сөйлеу тілінің қалыптасуына зор ықпалын тигізеді. Біз балалар үшін бала өз әрекетінің қатысы мен

керектігін сезінетіндей жағдай жасауымыз керек. Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз. Қорыта айтқанда жас нәрестенің дені сау болса, отбасына зор қуаныш пен бақыт әкеледі. Елімізде өркениетті қоғам құру үшін тәрбиелі, дені сау азаматтарды көп болып тәрбиелеуіміз керек.

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ: ЖАҢА ТРЕНДТЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАР

**Кенжегулова Болган Амантаевна,
Ойыл ауданы «Балбөбек» бөбекжай-бақшасы» МКҚК тәрбиешісі**

Мектепке дейінгі білім беру жүйесі әр елдің білім беру саясатының негізі болып табылады. Бұл кезең баланың дамуындағы маңызды кезең болып саналады, себебі ол балалардың когнитивті, эмоционалдық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етеді. Бүгінде әлемде мектепке дейінгі білім берудің сапасын арттыруға бағытталған көптеген инновациялық тәсілдер мен жаңа білім беру брендтері пайда болды. Бұл баяндамада мектепке дейінгі білім берудегі әлемдік тәжірибелер мен жаңа брендтерге, сондай-ақ инновацияларға тоқталамыз.

1. Мектепке дейінгі білім берудегі әлемдік тәжірибелер

Мектепке дейінгі білім беру әлемнің түрлі елдерінде әр түрлі түрде ұйымдастырылады. Көптеген елдер мектепке дейінгі білім беру жүйесіне көп көңіл бөле бастады, себебі ол балалардың мектепке дайындық деңгейіне тікелей әсер етеді.

Финляндия әлемдегі ең үздік білім беру жүйесіне ие елдердің бірі ретінде танымал. Бұл елде мектепке дейінгі білім беру – ерте балалық шақтағы дамудың негізі ретінде қарастырылады. Финляндияда мектепке дейінгі білім беру балалардың әлеуметтік дағдыларын дамытуға, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға және жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған. Мұғалімдердің жоғары білімі, әдістемелік жаңа тәсілдер мен педагогикалық шеберліктері мектепке дейінгі білім беру жүйесінің сапасын арттырады.

Германияда мектепке дейінгі білім беру жүйесі «Киндергартен» деп аталатын балабақшаларда жүзеге асырылады. Бұл кезеңде балалар ойын арқылы білім алады, топтық жұмысқа үйренеді, сонымен қатар өз ойларын жеткізу, басқа балалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытады. Германияда балабақшалар мемлекеттік, жартылай мемлекеттік және жеке меншік болуы мүмкін. Білім беру мемлекеттік деңгейде бақыланады, және мұғалімдерге жоғары деңгейде дайындық талап етіледі.

АҚШ-та мектепке дейінгі білім беру мемлекеттік және жеке мекемелерде жүзеге асырылады. Ең танымал бағдарламалардың бірі – Head Start бағдарламасы, ол төмен табысты отбасылардан шыққан балаларға тегін білім беру қызметін ұсынады. Бұл бағдарлама баланың когнитивтік және әлеуметтік дамуына ерекше көңіл бөледі. Сондай-ақ, АҚШ-та ерте білім беру әдістерінде инновациялық технологияларды пайдалану белсенді дамып келеді.



АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ
ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

АЛҒЫС ХАТ

«ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ-ШЫНЫҚТЫРУ
ШАРАЛАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ»
тақырыбында ұйымдастырылған семинарда
өз іс-тәжірибесімен бөліскені үшін

**КАРАБАЛИНА
АЙЖАН ЕРЖАНОВНАҒА**

алғыс білдіреді



Директор

Д.Жаманбаева

Ақтөбе - 2026

006624